

**6D120100 - «Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін  
ұсынылған Жылқайдар Арман Жетпісбайұлының «Ауылшаруашылық жануарлары желінсауының  
иммунопрофилактикасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің  
СЫН-ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);          2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)          3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Жылқайдар Арман Жетпісбайұлының 6D120100 - «Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған диссертациясы ғылымның даму бағыттарына сәйкес орындалған.</p> <p>Ғылыми жұмыс ынталы жоба ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарларына сәйкес жүргізілді: «Жануарлар маститінің әртүрлі формаларын емдеу мен алдын-алу заманауи әдістері» 2020-2023 жж. Мемлекеттік тіркеу 2021 жылы 07 сәуірінде № 0121РКИ0076 тіркелген.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/ қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Докторанттың орындаған ғылыми жұмысы ветеринария ғылымының дамуына үлесін қосады. Зерттеу жұмыстары нәтижесінде алынған поливалентті вакцинаны желінсаудың алдын алу және емдеу үшін пайдалану, шаруашылықтарда ауруды 2-2,5 есе азайтатыны анықталған.

3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol>	<p><b>Жоғары.</b> Диссертациялық жұмыс әдістемелік жағынан мемлекеттік талаптарға сай және мемлекеттік тілде жазылған. Диссертациялық жұмыс мәтініндегі кіріспе, жүргізілген зерттеулер, зерттеулердің нәтижелері, қорытындылары, өндірістік ұсыныстары және диссертация тақырыбы бойынша жарыққа шыққан ғылыми жұмыстардың тізімі диссертация мазмұнына сәйкес жазылған.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>Негізделген. Қазіргі таңда елімізде ет және сүт өнімдерін молайту, олардың өзіндік құнын азайту, сапасын арттыру мәселелері өзекті болып отыр. Өнімділікті жоғарылату мақсатында шетелдерден асыл тұқымды малдар әкелінуде. Осындағы келелі мәселелерді шешу жолында кедергі келтіретін желінсау ауруы сүт сапасының төмендеуіне, өнімдерінің жарамсыз болуына, сондай-ақ емдеңдомдауға кететін шығындар нәтижесінде шаруашылықтарды үлкен экономикалық шығынға ұшыратады. Сонымен қатар, желінсаумен симптомсыз ауырған сиырлардан алынған сүт өнімдері эпидемиологиялық қауіп төндіретіні де анық. Осы орайда, желінсаудың алдын алуға және дер кезінде емдеуге бағытталған шаралар өзектілігі күмән келтірмейтін мәселе болып табылады.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) айқындауды;</li> <li>2) жартылай айқындауды;</li> <li>3) айқындаамайды</li> </ol>	<p><b>Айқындауды.</b> Диссертациялық жұмыстың мазмұны тақырыбына сай құрылған және алға қойған міндеттерден туындаған.</p>

	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сәйкес келеді;</li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol>	<p>Сәйкес келеді. Зерттеу жұмысын орындау барысында ізденушінің алдына қойған мақсаттары мен міндеттері ғылыми жұмыстың тақырыбына, мазмұнына сай құрастырылған. Жүргізілген жұмыстарды орындау барысында диссертант мақсат, міндеттерін өзекті мәселелерге бағыттай отырып, ветеринарлық тәжірибеге қажетті нәтижелерге қол жеткізген.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>	<p>Толық байланысқан. Қорытындысы диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымына сәйкес. Әдеби шолу, зерттеу мақсаттары мен міндеттерінің құрылуы, зерттеу нәтижелері мен әдістерінің толық ашылуы және зерттеу нәтижелерінің талқылануы тақырып ауқымынан ауытқымай желінсау ауруының алдын алуға және емдеуге бағытталған. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері бір-бірімен логикалық байланыста орындалған, жұмыстың ішкі бірлігі толықтай сақталған.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сыни талдау бар;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Сыни талдау бар. Диссертациялық жұмыста ұсынылған жаңа шешімдер зертханалық және шаруашылық жағдайында жүргізілген зерттеулер негізінде тұжырымдалған. Зерттеу нәтижелерін дәлелді түрде нақтылаған.</p> <p>Автор зерттеулер барысында белгілі ғылыми әдістерді, тың деректерді қолданған, өзінің жұмысының нәтижелеріне басқа зерттеушілердің жұмыстарында жарияланған деректерді салыстыра отырып баға берген.</p>

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u></li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Толығымен жаңа. Ауыл шаруашылығы жануарлары (сиыр, қой) желінсауына қарсы поливалентті вакцина алу үшін, желінсауға шалдыққан жануарлардан бөлініп алынған ауру қоздырушыларының жергілікті штаммдары алғаш рет антиген ретінде пайдаланылды.</p> <p>Толығымен жаңа. Қазақстан аумағындағы ауыл шаруашылығы жануарларында желінсау тудыратын ауру қоздырушыларының биологиялық қасиеттері мен уыттылығы зерттелініп, желінсау ауруына қарсы поливалентті вакцина дайындау үшін өндірістік штаммдар таңдалынып алынды. Сонымен қатар, желінсауға шалдыққан жануарлар желінінде болатын патологиялық-анатомиялық өзгерістер сипатталды.</p> <p>Толығымен жаңа. Зерттеудің жаңалығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Ұлттық зияткерлік меншік институтының 2019 жылғы 4 наурыздағы «Ірі қара малдың желінсауына қарсы вакцина өндіру әдісі» өнертабысқа патентімен расталды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тізілімінде 2020 жылы 12 ақпанда № 4672 тіркелген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық қорытындылар зертханалық және шаруашылық жағдайында жүргізілген зерттеулерден туындаған, нақты дәлелдемелерге және негізілделген. Зерттеулерге жеткілікті көлемде мал басы пайдаланылып, вариациялық статистикалық өндеу әдісін арқылы нақтыланған.

7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) дәлелденді;</li> <li>2) шамамен дәлелденді;</li> <li>3) шамамен дәлелденбеді;</li> <li>4) дәлелденбеді</li> </ol> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>7.3 Жана ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тар;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) кең</li> </ol> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol>	<p>Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар дәлелденген. Диссертацияда келтірілген әрбір ғылыми нәтижелер, түйіндер мен қорытындылар тәжірибелердің нақты нәтижесі екенін көрсетеді. Диссертациялық жұмыстың қорғауға шығарылған қағидаттары тривиалды емес, жаңашылдығы бар. Диссертант өзінің ғылыми жұмысында алғаш рет, желінсауға шалдыққан жануарлардан бөлініп алынған ауру қоздырушысын өндірістік штаммдары негізінде поливалетті вакцина даярлады. Қағидаттардың қолдану деңгейі өте кең, өйткені ауылшаруашылық жануарларының желінсауының алдын-алу және таралуын шектеу шаруашылықтарда қолданылады. Диссертациялық жұмыстағы қорғауға шығарылған әрбір қағидат ізденушінің тиісті зерттеу нәтижелерімен дәлелденген және оның жариялаған мақалаларында және патенттерінде беріліп нақтыланған.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p>	<p>Ия. Методикалық түрғыдан алғаш қарағанда алға қойылған мақсатқа жету үшін ізденуші әдістемелерді дұрыс таңдалап алған және әрбір әдіске тиісті сілтемелер келтірілген. Демек, ғылыми нәтижелердің сенімділік дәрежесі тиісті деңгейде.</p> <p>Ия. Диссертация жұмысының нәтижелерін алуда компьютерлік технологиялар қолданылған. Желінсауды анықтау үшін полимеразды тізбекті реакция қолданылған.</p>

		1) ия; 2) жоқ	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Ия. Диссертацияның қорытындылары өзара байланысқан және олар микробиологиялық және имунологиялық зерттеулермен негізделген және дәлелденген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыстағы берілген маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді, олар отандық, алыс және жақын шет елдік ғалымдардың ғылыми жұмыстарына сілтемелер жасау арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Ізденуші диссертациясында 152 ғылыми еңбектерді қолданған. Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Ия. Орындалған диссертациялық жұмыс мазмұнында теориялық маңызы бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Ия. Диссертацияның практикалық маңызы бар және зерттеу жұмыстарының нәтижелерін сүт бағытындағы шаруашылықтарда қолдану мүмкіндігі өте жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	Диссертанттың құрастырған практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады.

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы - жоғары. Диссертациялық жұмыс жалпы талаптарға сай жазылған және кіріспеден, әдебиеттерге шолудан, материалдар мен әдістерден, нәтижелерден талқылаудан, қорытындылардан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Ұсынылған материал академиялық жазудың жеткілікті жоғары сапасын көрсетеді және тұтас жұмыс болып табылады.</p>

**Шешім:** Жылқайдар Арман Жетпісбайұлының «Ауылшаруашылық жануарлары желінсауының иммунопрофилактикасы» тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысының ғылыми және тәжірибелі маңыздылығы жоғары. Диссертация талаптарға сәйкес рәсімделген, ал жұмыс авторы 6D120100 - «Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**Ресми рецензент: в.ғ.д., профессор  
«MVA Group» Фылыми-өндірістік орталығы» ЖШС бас директоры**



Намет А.М.  
10.05.2024 ж.